

- қызығушылық принципі;
- үздіксіз жұмыс істейтін принципі.

Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс жүйелі түрде өткізілетін болса, онда ол оқушыларға мұғаліммен берілген дайын білімдерге қарай тым терең және берік білім алуына мүмкіндік береді. Өткен жұмыс бойынша мынадай қорытындылар шешуге болады:

Оқушылардың дидактикалық мақсаттары мен мазмұндары тұрғысынан әр түрлі өзіндік жұмысының орындайтынын ұйымдастыруы олардың ұғып алу және шығармашылық қабілеттілігін ойлауын, белсенділігін өсіріп дамытуына мүмкіндік береді.

Ұқыпты ойланған өзіндік жұмысының өткізу әдістемесінде оқушылардың жан-жақты қалыптасу шеберлігі мен дағдыларының тәжірибелік қарқындары жетілдіріледі, ал ол өз кезегінде, танылатын шеберлігі мен дағдыларының қалыптасуына жағымды әсерін тигізеді. Оқушылар жұмыс жасауға ұмтылады. Біраздан кейін оқушылардың өзіндік жұмысқа тұрақты дағдылары қалыптасады. Бұл бағдарламалық материалды біртіндеп оқу қарқынын арттыруға, есеп шығаратын уақытты көбейтуге, зертханалық және басқа шығармашылық түрдегі жұмыстарды жасауға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, өзіндік жұмыс арқылы дербес, еңбек сүйгіш, жан-жақты жетік, ізденімпаз, өмірлік жағдайларда беделді және өз проблемаларын шешетін мүмкіндігі бар тұлғаны тәрбиелейміз.

#### **Әдебиет тізімі**

Әбілдаева К. Сабақта оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру // Бастауыш мектеп. – №3. – 2006.

Әбілқасымов А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. – Алматы, 2004. – 217 б.

Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2002. – 104-105 б.

Құлдыбаева С.Б. Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық технология // Ғылыми – педагогикалық журнал. – № 6. – 2009.

Құрықбаева Р. Қазіргі мектептерде білім беру // Қазақстан мектебі. – № 5. – 2004.

## **УДК 37**

### **ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ – ІЗДЕНІС ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ**

**Сапанова З.Қ.,**  
Қазақ тілі мұғалімі  
Дружба орта мектебі,  
Қостанай қаласы

#### **Аннотация**

*Мақалада проблемалық оқыту технологиясын сабақта тиімді пайдалану жолдары қарастырылған. Бұл технология білім мазмұнын, білімді игеру қарқынын, өз еркімен жұмыс істей алу мүмкіндігін, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Проблемалық оқытудың ерекшелігі: мұғалім көп сөйлегеннен гөрі, баланы көбірек тыңдауға мүмкіндік береді. Оқушылардың танымдық қызметі әрбір оқушының әрбір берілген оқу материалын сабақта үш күрделілік деңгейінде тыңдау, жазу, көру және айтуға мүмкіндігі болатындай етіп құрылған. Оқушыларға стандарт талаптарына сай тапсырмалар беріледі. I деңгей тапсырмалары дарындылықтың екі түріне, яғни интеллектуалдық және креативтік дарынды балаларға арналған.*

*Проблемалық оқытуда тағы бір ерекшелік – бағалау парағын қолдану. Сабақ жеке жұмыс, топпен жұмыс болуы мүмкін. Бала ескерусіз қалмас үшін әр жұмысқа балл қою арқылы қорытынды баға қойылады.*

### **Аннотация**

*В данной статье рассматривается продуктивное использование проблемной технологии на уроке. Эта технология связана с необходимостью проработки учебного материала всеми учениками на 3-х уровнях сложности в зависимости от уровня подготовленности, обученности каждого ученика. Проработка материала на уровнях воспроизведения элементарных умений и навыков и знаний производится по всей теме, разделу или содержанию учебного материала. Познавательная деятельность учащихся строится таким образом, чтобы каждый ученик на каждом уроке имел возможность слушать, записывать, видеть и проговаривать учебный материал, предлагаемый ему на трех уровнях сложности. Обязательным условием является обучение посредством игровой организации и применение разнообразных активных форм (групповая, индивидуально-групповая и парная работа, диспуты, дискуссии).*

### **Abstract**

*This article discusses the productive use of problem technology in the classroom. This technology is the need of elaboration of the learning material by all students in 3 levels of difficulty depending on the level of preparedness, the training of each student. Study material on levels of play, basic skills and transfer of knowledge produced throughout the theme, topic or content of the learning material. Informative activity of pupils is constructed in such a way that every student in every class had the opportunity to listen, to write, to see and discuss the educational material offered by him in three difficulty levels. Prerequisite is learning by gaming organizations and use a variety of forms (group, individual-group and pair work, debates, discussions).*

**Түйінді сөздер:** проблемалық оқыту технологиясы, сабақ, жеке жұмыс, топпен жұмыс, оқу, мәселе, деңгей, жеке тұлға.

**Ключевые слова:** технология проблемного обучения, урок, самостоятельная работа, групповая работа, учеба, проблема, уровень, личность.

**Key words:** technology of the module educating, lesson, independent work, group work, educational module, level, personality.

Бағдарламаланған оқыту мен қатар оқытудың ең жаңа перспективті әдістеріне проблемалық әдіс жатады. Егер бағдарламаланған оқытудың негізіне ойлаудың алгоритмдік түрі жатса, проблемалық оқыту шығармашылық, тапқыр ойлауға сүйенеді. Мұндай ойлау, әсіресе, стандартты емес сабақтардың мәселелерін шешуде қажет болады. Проблемалық оқыту теориясы көптеген педагогтар еңбектерінде (М.И. Махмутов, А.М. Матюхин, В.Оконь т.б.) терең зерттеле бастады. Бұл теорияның ең басты ұғымдары «проблема» (мәселе) және «проблемалық жағдай» (ситуация) ұғымдары болып табылады. Проблемалық жағдай оқушыны жаңа білім алуға итермелейтін ойлау әрекетіне бастайды, оған жағдай туғызады.

Оқушыларда белгілі бір проблемалық жағдай туғызудың негізгі үш тәсілін көрсетуге болады:

1. Мұғалімнің өзі тікелей қоятын проблема;
2. Проблеманы қою және оны тұжырымдау;
3. Проблеманы сипаттайтын шарттарды қарастыру;
4. Қойылған проблеманы шешу: а) проблеманы талдап, тексеру және оны шешудің қажетті мағлұматтарды іріктеу және оны шешудің бағамды бағыттарын іздестіру; ә) проблеманы шешуге қажетті мағлұматтарды іріктеу және оларды бір жүйеге келтіру; б) қабылданған шешу жоспарын нақтылау;
5. Алынған жауаптың дұрыстығын негіздеу;
6. Проблеманы шешу жолын және оның нәтижесін зерттеу және жаңа білімді айқындау;

7. Жаңа білімді арнайы іріктеп алынған есептерді шешуге практикалық қолдану;
8. Қойылған проблеманы мүмкіндігінше кеңейту және жалпылау жолдарын іздестіру;
9. Проблеманың алынған шешуін қарастыру; бұдан басқа да тиімді және сынарлы жолдарын іздестіру;
10. Жасалынған жұмысқа қорытынды жасау.

Бұл жоспарды жүзеге асыруда оқушылар барынша көп қатыстырылып, мұғалімнің өзі мүмкіндігінше аз араласуға тырысуы қажет.

Проблемалық сабақты ұйымдастыруда оқу проблемасының нақты сипатына сәйкес бұл күнтізбелік жоспар кейде толық, кейде ішінара орындалуы мүмкін, кейбір пунктерді біріктіріп жіберуге тура келеді т.б. Сабақ үстінде оқушылардың алдына қойған проблемалар сан алуан болып келеді. Жаңа тақырыпқа кіріспе, тапсырманы жаңа тиімділік әдіспен шешу, белгілі материалды жаңа оқу материалымен байланыстыру т.б.

Сонымен педагогикалық теорияда проблемалық оқытуды технологияға айналдыру – қажетті талаптың бірі. Бірақ, бастауыш мектепте бұл технология өз орнын әлі де таппай жүр. Біздің жұмысымызда сол мәселені зерттеу негізге алынған.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасып, ескі мазмұнның орнын жаңасы басуда. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Білім беру сапасы – қоғамдағы білім беру үрдісінің жағдайын, нәтижесін, сондай – ақ жеке тұлғаның кәсіптілігінің қалыптасу және даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы білім беру мекемелеріндегі жастарды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің жиынтығы, яғни білім беру мазмұны, оқыту формасы мен әдістері бойынша анықталады. Сондықтан педагогика ғылымының ерекшелігі де – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруы болып отыр.

Қазіргі заманғы ғылыми – техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің осы міндетті қойып отыр. Ол – өз жұмыс орнында және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру. Оқу үрдісінің әдістері мен түрлерін жетілдіру жаңашыл педагогтардың озық дидактикалық идеяларында көрініс табады: В.Ф. Шаталовтың тірек сигналдары, Р. Штейнердің еркін таңдау идеясы, С.Н. Лысенкованың оза оқыту, Л.С. Выготскийдің жақын даму аймағы, т.б.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларын меңгеру – өте күрделі де ұзақ үрдіс. Кейде ол мұғалімнен оқытудың үйреншікті әдіс – тәсілдерінен арылуды талап етеді. Сондықтан мұғалімге оқыту технологияларын үйретуді арнайы кәсіби тұрғыдан ұйымдастыру керек.

Көптеген уақыттар желісінде «технология» түсінігі педагогикалық ұғымдар қорынан тыс қалып келді. Шынайы мәні (шеберлік жөніндегі ілім) педагогикалық міндеттерге: педагогикалық процесті сипаттау, түсіндіру, болжау, жобалау – сай келсе де, ол технократиялық тіл элементі ретінде қарастырылды. Педагогикалық әдебиеттерде қандай да педагогикалық технологиялар сипатын айқындаушы көптеген терминдер ұшырасады, мысалы: оқу–үйрену, тәрбиелеу, оқыту технологиялары, білімдендіру және дәстүрлі технологиялар, бағдарламасы тырылған және проблемді оқу технологиялары, авторлық технология және т.б. Алғашқыда педагогтар «педагогикалық технология», «оқу-оқыту технологиясы» және «тәрбиелеу технологиясы» ұғымдарының өзіндік мән мағыналарына назар аудармай келді. Ал бүгінде педагогикалық технология оқу және тәрбие аймағындағы педагогикалық міндеттердің шешілуіне байланысты орындалатын педагог іс – әрекеттерінің бірізді жүйесі ретінде танылуда. Осыдан «педагогикалық технология» мәні «оқу технологиясы», «тәрбие технологиясы» ұғымдары мәндерімен салыстырғанда терендеу де ауқымдау.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба, әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан – жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасалады.

Проблемалық (мәселелік) оқыту технологиясы оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Атап айтқанда:

- Оқушының белсенділігін арттыру;
- Оқу материалында баланы қызықтыратындай мәселе туғызу;
- Оқушы материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді;
- Оқытудың бала өмірімен, еңбегімен байланыстылығы;

Педагогикалық технология кешенді, бірігімді процесс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал – жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды. Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В.Б. Беспалько, В.В. Данилов, В.К. Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі (Е.Н. Ильин, С.Н. Лысенкова, В.Ф. Шаталов және т.б.).

Қазіргі жаңашыл мұғалім қоғамдағы үдемелі өзгеріп тұратын әлеуметтік – экономикалық педагогикалық ғылыми өзгерістерді жылдам қабылдағыш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жеке шығармашылық кәсіби түрде оқушылармен тез ортақ тіл таба алатын педагогикалық үрдісте жүйелі бағыттармен жұмыс істей алатындай болса, онда білім жүйесінде қандай өзгеріс болмасын, талап ететін білім мазмұны оқушыға тиімді жолмен меңгерте алатын шебер ұстаз бола алады. Мұғалімнің кәсіби білімімен біліктілігі жоғары деңгейде және оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту проблемаларын шешуге шығармашылық қабілеттері болуы керек. Сондықтан да, мұғалімнің кәсіби даярлығын көтеруде әдіскерлердің алдында тұрған міндеттер өте көп, сонын ішінде негізгісі – мұғалімдердің жас ұрпаққа тәрбие беру мәселесін дұрыс жолға қоя алуына көмек беру. Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Осыған сәйкес белгілі бір көлемдегі білімділік дағдыларды меңгерумен бірге қоршаған орта туралы түсініктерді кенейту, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс – тәсілдерін іздестіру және жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.

Оқыту процесіне деген зерттеушілік өткендегі іс – әрекетпен байланысты.

Атап айтқанда өзіндік таным оқушының әрекетін қамтамасыз етеді, ойлау қабілетін дамытады, өзіндік білім алуға дайындайды. Оқушылардың зерттеу үшін әр түрлі іздену әдістері қолданылады (эврика – іздену): ізденіс әңгімелер, өзіндік шешім (мұғалімнің басқаруымен) ережелер, формалар, түсініктер, стандарттық емес есептердің шығарылуы, лабораториялық жеке және топтық түрде оқыту жұмысының топтық ізденіс түрлері, әдісі. Проблемалық оқыту (проблема қою) – ізденіс танымдық әрекеттің негізгі құралы болады.

Қазіргі кездегі ізденіс ойлау құралдары бойынша педагог пен психологтардың зерттеулері, проблемалық оқытуда оқушылардың ізденіс зерттеу есептерін шешуде танымдық әрекеттері басқаша екенін көрсетеді. Ізденіс әрекеті бірқалыпты жүріп отырады, кей жерде айқын көрінеді. Бүкіл мәселелеп оқытудың мәні ерекше жағдай оқу процесінде пайда болады, оқушы белгілі шешімге келе алмай, не болмаса қатыса алмайды. Мәселелі жағдайда оқушының білімі мен алдына қойған міндеті арасында қарама-қайшылық туындайды. Мәселелі оқыту алгоритм мәселені қою және сезіну, жеке шығару, одан әрі қарай мәселені шешудің дұрыстығын тексеруден тұрады. Бұл кезде ізденіс әңгімелері, дискуссия (пікір-талас), мәселелі мазмұндамалар т.б. пайдаланылады.

Проблемалық оқу технологиясы мұғалім басшылығында өтетін оқушылардың оқу міндеттерін шешуге орайластырылған өзіндік ізденіс іс-әрекеттерін ұйымдастыруға негізделді. Оқу ізденістері барысында оқушыларда жаңа білім, ептілік және дағдылар қалыптасып, қабілеттері, танымдық белсенділігі, қызығуы, ой-өрісі, шығармашыл ойы және басқа да тұлғалық маңызды қабілеттері дамиды.

Жалпы түрінде проблемалық технология сипаты келесідей: оқытушы білімді дайын күйінде ұсынбай, оқушылар алдына міндет (проблема) қояды, оған қызықтырады және оның шешу әдіс-тәсілдерін табуға ынталандырады. Ал оқушылар мұғалімнің тікелей басшылығында не өздері олардың шешімін табудың жолдары мен әдістерін зерттейді, яғни болжам түзеді, оның шынайлығын тексеру тәсілдерін белгілейді әрі талқылайды, дәйектейді, нәтижелерің талдайды, пікір жүргізеді, дәлелдейді.

Проблемалық оқу басқа да технологиялар сияқты өзінің ұнамды да болымсыз тараптарына ие. Оның тиімділігі: оқушыларға тек қажетті білім, ептілік және дағдылар жүйесін меңгеруге жәрдемдесіп қоймастан, олардың ақыл-ой дамуына жол ашады, өз шығармашылық қуатымен берік білім қалыптастыруға көмектеседі, өз оқу еңбегіне қызығу ұмтылысын дамытады, оқу нәтижесінің бекінуін қамтамасыз етеді.

Кемшілігі: жоспарланған нәтижеге жету көп уақытты талап етеді, сонымен бірге оқушылардың танымдық іс – әрекеттерін жүйелі басқару қиын.

Бағдарламаланған оқыту мен қатар оқытудың ең жаңа перспективті әдістеріне проблемалық әдіс жатады. Егер бағдарламаланған оқытудың негізіне ойлаудың алгоритмдік түрі жатса, проблемалық оқыту шығармашылық, тапқыр ойлауға сүйенеді.

Оқушылардың ынта-жігері мен құмарлығын және ақыл-ой іс-әрекетін толық жандандыру үшін, пән сабақтарын проблемалық тұрғыда жүргізгенде ғана жетуге болады. Проблемалық тұрғыда оқытудың маңызы, дайын материалға көңіл қойып, тек соны меңгеріп, есте сақтап қана қоймайды, сонымен қатар оқушы мұғаліммен бірлесе қосылып немесе жеке өзі проблемалық ситуацияның өз білімі мен іскерлігін пайдаланып, логикалық таным жүйесіндегі үлеспеушіліктерді шешуге үйренеді. Проблемалық оқытудың кез келген әдістері оқушылардың ынта-жігері мен құмарлығын оятып ой-өрісінің көлемін ұлғайтады, сезім әрекетін және оның ой-өрісінің басқа түрлерін дамытады. Кез келген ғылымды меңгеру үшін, оқушыларға дайын немесе белгілі әдісті, қорытындыны беруден емес, оларға шешімін табатын тапсырманың қойылуы мен оның проблемаларын түсіндіруден басталуы және оны дағдыға айналдыруы керек, тек сонда ғана нақты проблеманы шешу процесі продуктивті ойлау қызметі арқылы шешілуі мүмкін.

Сондықтан, проблемалық оқыту үшін, алдымен оқытудың бірнеше қажетті ұйымдастыру проблемаларын талдау жасау керек, оны әдістемелік, психологиялық, дидактикалық және пәнаралық негізде, мектепте жаңаша оқыту мақсатқа зерттеу қажет. Осыдан, ұзақ жылдар бойы жинақталған оқытудың игі дәстүрлерін сақтай әрі оларды зерттеп жаңа технологиялық жүйе бойынша оқыту процесіне пайдалануды қарастырған жөн деп санаймыз, сонда ғана оқытудың ең негізгі құндылықтары болып табылатын ынта-жігерлік, қызығушылық, белсенділік, біліктілік және дағды білім оқу процесіндегі логикалық таным жүйенің компоненттері болып табылады.

Бастауыш мектептерде проблемалық оқыту бірнеше компоненттерден анықталады.

1. Кейбір қарама-қайшылықтарды туындататын проблемаларды тұжырымдау.
2. Проблема тұжырымдалған уақытта, ғылым дамуында оның шешімі белгісіз немесе белгілі болуы мүмкін. Бұл жағдайларда, қарастырылып отырған проблеманың теориялық шарты дәл қойылуы өте маңызды. Себебі, қойылған шарттың дұрыс қойылмай, ол дұрыс шешілуі мүмкін емес.

Абай атамыз ақыл мен сана еңбек барысында қалыптасатындығын айтады. Ендеше оқушының дәл бүгінгі жаңа материалды білетіндігін, оны білудің қаншалықты қажет екендігін іштей мойындату үшін мұғалімге шеберлік қажет. Проблемалық оқыту әдісі оқушылардың өздігінен еңбек етуге, алған білімін жаңа материалмен ұштастыра білуге үйретеді. Ойланбай білім бойға дарымайды. Дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдер баланың алдына мақсат қойып, нәтижеге жетуге жетелейді. Білімді меңгеру тек қана заңдылықтарды, ережелерді есте сақтау арқылы емес, оны оқушылардың өздері логикалық талдау жасай отырып, алған білімдерін орынды пайдалана білгенде ғана жүзеге асады. Сондықтан менің алдыма таңдап

алған өзекті тақырыбым, оқушылардың алдына проблема туғыза отырып ойлау қабілеттерін дамытады.

Проблемалық оқыту технологиясы – бұл да бір педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім-амалдары мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті. Әр сабақ сайын ізденуге үйренген бала кез келген проблеманы тез шешуге үйренеді. Қойылған проблеманың шешімін шәкірттің проблемалық, әдіспен оқытудың мақсаты – оқушыны сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдандуын камтамасыз ету. Оқушыны ізденуге, қорытынды жасауға, өзгеше тың пікір айта білуге үйретеді. Ой қайшылығын, пікір-таласын тудырып, дұрыс ой қорытындысы жасалған жағдайда ғана проблема туды деп есептеуіміз қажет. Проблемалық оқыту оқушының бұрыннан меңгерген біліміне сүйеніп, мәселені толық шешуі үшін аздаған өзіндік ойды, шығармашылық шешімді, дербес әрекетті қажет ететін проблемалық жағдайға алып келуі қажет. Проблемалық мәселе, проблема тууға ыңғайлы тақырыпты таңдай білу, мұғалімнің ізденімпаздық, тапқырлық шеберлігіне байланысты.

Сонымен педагогикалық теорияда проблемалық оқытуды технологияға айналдыру – қажетті талаптың бірі. Бірақ, бастауыш мектепте бұл технология өз орнын әлі де таппай жүр. Біздің жұмысымызда бұл мәселені зерттеу негізге алынып қарастырылды.

#### **Әдебиет тізімі**

Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. – Алматы, 2004. – 217 б.

Әбілқасымова А.Е., Кенеш Ә.С. Болашақ мұғалімдердің әдістемелік дайындық негіздері. – Алматы, 2004.

Бітібаева К. Педагогикалық технология талаптары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – №3. – 2002. – 17-20 б.

Бидосов Ә. Ойлау қабілетінің дамыту // Мұғалім. – № 6. – 2007.